

жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізінің солтүстік бірлігін шектеу туралы 1998 жылғы 6 шілдедегі келісімге 2002 жылғы 13 мамырдағы Хаттаманы ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Отын-энергетика кешені саласындағы ынтымақтастық туралы 2000 жылғы 9 қазандағы меморандумның қағидаларын растай отырып, мынадай шараларды жүзеге асыруға келісті:

Электр энергетикасы саласында

Т а р а п т а р :

- Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының энергетикалық жүйелері қосарлас режимде жұмыс істейтіндігін, Ресей энергия жүйелерінің Омск және Алтай электр тораптары арқылы Қазақстаннан Қазақстанға электр энергиясын ауыстыру қамтамасыз етілетіндігін, Қазақстанның электр тораптары арқылы Ресейден Ресейге және Орталық Азиядан Ресейге электр энергиясының транзиті қамтамасыз етілетіндігін :

- "Солтүстік" бөлінісінің жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартқа қол қ о й ы л ғ а н ы н ;

- 1150 кв кернеумен мемлекетаралық электр берілісі желілерінің қалыпқа келтірілгендігін және жұмыс істеуге қосылғандығын атап өтеді.

Т а р а п т а р :

- энергия жүйелерінің қосарлас жұмыс режимін жүзеге асыру кезінде электр энергиясы мен қуатын өндіру, беру және бөлу теңгерімін қолдау;

- энергия жүйелерімен тұрақты қосарлас жұмыс істеуі үшін электр қуатының авариялық резервтерінің келісілген көлемінде қамтамасыз ету;

- авариялар, дүлей апаттар және өзге де төтенше жағдайларында Тараптардың ж е д е л к ө м е к к ө р с е т у і ;

- электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық базаны одан әрі ү й л е с т і р у ;

- бір Тараптың энергия өндірушілерінің екінші Тараптың электр энергиясының ішкі рыногына тең қол жеткізуін қамтамасыз ету мәселелері бойынша ынтымақтастықты ж а л ғ а с т ы р а д ы .

Тараптар тиісті уәкілетті органдарға:

- "Қазақстанэнерго ҰЭЖ" РМК және Қазақстан Республикасының электр желілерін таратушы компаниялардың (ЭТК) "ЕЭС России" РАО ААҚ алдындағы борыштық міндеттемелерін пакеттік (бір мезгілде) реттеуді аяқтауды және оның жұмысының тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыра отырып, Екібастұз МЭТК-2 мүліктік кешені базасында бірлескен қазақстандық-ресейлік кәсіпорынды құруды;

- Қазақстанның Солтүстік облыстарынан "ФСК ЕЭС" ААҚ желілері бойынша Батыс

Қазақстанға электр энергиясының транзиті мәселелерін арттыру жөніндегі жұмыс топтары әзірлеген ұсыныстар негізінде шешім қабылдауды, электр қуаты мен жиілігін реттеуді тапсырады.

Атом энергетикасы саласында

Тараптар уран өндіру, ядролық отынды дайындау саласында кооперацияны дамыту және құрамында уран бар өнімді әлемдік рынокқа бірлесіп шығару мүмкіндігі ынтымақтастықтың басым бағыттарының бірі ретінде қарастырылатындығын атап өтті.

Өндірістік объектілерді салуға даярлық сатысында Қазақстан Республикасының "Заречное" кен орнында уран өндіру жөніндегі қазақстандық-ресейлік-қырғыз кәсіпорны - "Заречное" жабық акционерлік қоғамы жұмыс істейді.

Ресей Федерациясының Үкіметі, Украинаның Министрлер Кабинеті мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы "Украин-қазақстандық-ресейлік ядролық отын өндіру жөніндегі бірлескен кәсіпорны" жабық акционерлік қоғамын дамытуға жәрдемдесу және оның қызметі туралы 2003 жылғы 13 мамырдағы Келісім шеңберінде "УКРТВС БК" ЖАҚ кәсіпорны жұмыс істеуде.

Ресей тарабы жұмыстарды қазақстандық тараптың қаржыландыру шартымен атом электр станцияларын пайдалану, жобалау және салу тәжірибесін талдауға техникалық жәрдем беруге даяр.

Тараптар, қолда бар ғылыми-техникалық әлеуетті және Тараптардың әрқайсысының атом-энергетика кешенінде қалыптасқан ғылыми-өндірістік байланыстарды ескере отырып:

- атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласында ресейлік-қазақстандық ынтымақтастықтың кешенді ұзақ мерзімді бағдарламасын әзірлеу;
- Қазақстан Республикасының кен орындарында табиғи уранды өндіру жөніндегі бірлескен кәсіпорындарды құру және дамыту;
- Курчатов қаласында Қазақстандық материалтанымдық токамак (ҚТМ) реакторын құру;
- кадрларды даярлау және қайта даярлау;
- оқу-жаттығу орталықтарын және техникалық оқыту құралдарын құру жөніндегі бірлескен жұмыстарды орындауды жалғастыруға ниет білдіреді.

Мұнай-газ саласында

Т а р а п т а р :

- үкіметаралық уағдаластықтар шеңберінде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының 2004-2020 жылдарға арналған мұнай шикізаты мен газының бірлескен теңгерімдері әзірленгенін;
- қазақстандық мұнай экспорты үшін Каспий Тұрба құбыры Консорциумының (КТК) мұнай құбыры жүйесі бірінші кезегінің тиімді пайдаланылуын;
- үшінші елдер рыногына жеткізу үшін табиғи газ сатып алуды және маркетингін

жүзеге асыратын "ҚазРесейГаз" ЖАҚ бірлескен кәсіпорнының қызметі қазақстандық және ресейлік капиталдың қатысуымен кеңестен кейінгі кеңістікте алғашқылардың бірі болып "ҚазРесейГаз" ЖАҚ базасында трансұлттық тікелей ықпалдасқан корпорацияларды қалыптастыруға жәрдемдесуі мүмкін екендігін атап өтті.

Тараптар мемлекеттерінің аумағында мұнай-газ құбырларын салу және оларды іске асыру үшін қолайлы құқықтық және инвестициялық жағдай жасау жөніндегі жаңа жобаларға қатысу туралы ниетін Тараптар қолдайды.

Тараптар екі жақты жасалған келісімдерге сәйкес ұлғаймалы көлемде Орталық Азия табиғи газының жеткізілімдерін қамтамасыз ету үшін үйлестірілген іс-әрекеттердің маңыздылығын атап көрсетеді. Осы мақсаттарда Тараптар Түркіменстан және Өзбекстан Республикасымен бірлесіп "Орта Азия-Орталық" (бұдан әрі ОАО ГТС) магистральды газ құбырлары жүйесін дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру ниетінде

Тараптар әлемдік газ рыногына газдың тұрақты жеткізілімдерін қамтамасыз ету және газ саласын дамытуға инвестиция салу саласындағы газ өндіруші елдердің мүдделерін қамтамасыз ету үшін өндірістік және экспорттық-импорттық саясатты үйлестіру мақсатында газ өндіруші елдердің Еуразиялық альянсын құру туралы мәселені талқылауды жалғастырады.

Тараптар тиісті уәкілетті органдарға:

мұнай құбырларына ұзақ мерзімді қол жеткізуді ұсыну, тұрақты, өзара тиімді, бәсекелес коммерциялық шарттарымен транзиттің үздіксіздігі қағидаттарын ескере отырып, қазақстандық мұнай-транзитінің 2020 жылға дейінгі ұзақ мерзімді жоспарын әзірлеуді тапсырады.

Осы мақсатта:

- мұнай транзиті туралы үкіметаралық келісімге ведомствоаралық хаттама даярлау;
- Тараптардың құзыретті органдары мен шаруашылық субъектілеріне Атырау-Самара мұнай құбырының және Ресей Федерациясының басқа да магистральды мұнай құбырларының өткізу қабілетін ұлғайту жобаларын әзірлеу және жүзеге асыру;

- Тараптар Үкіметтері - Каспий Тұрба құбыры Консорциумының акционерлеріне КТК өткізу қабілетін одан әрі кеңейту және жобаның экономикалық тиімділігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша Тараптардың шоғырландырылған саясатын жүзеге асыру;

- Тараптардың үкіметтерінің қазақстандық және ресейлік көмірсутегі шикізатын Тараптар мемлекеттерінің аумағы бойынша Қытайға және басқа да коммерциялық тартымды өңірлер мен елдерге жеткізу жобаларын зерделеуі.

Тараптар мүмкіндігінше қысқа мерзімде Түркіменстан, Өзбекстан, Қазақстан және Ресей аумақтарындағы ОАО РТС дамытуға инвестициялардың кешенді негіздемесінің бөлігі ретінде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының аумақтарындағы

ОАО ГТС дамытуға инвестициялар негіздемесін орындауды мүмкіндігінше қысқа мерзімде аяқтауға уағдаласты. Дайындалған негіздемеге сәйкес ОАО ГТС объектілерін жаңғырту және қайта жаңарту (жаңадан салу) жөніндегі қажетті іс-шараларды өткізуді қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Тараптар ОАО ГТС дамыту жобаларын қаржыландыруды ұйымдастыру мақсатында инвестициялық шешімдерді қабылдау үшін қажетті кепіл болып табылатын Орталық Азия газын тасымалдауға арналған ұзақ мерзімді келісім-шарттар жасасу қажеттігімен к е л і с т і .

Тараптар өз аумақтары бойынша газ тасымалдауға арналған тарифтер ставкаларын анықтау кезінде тек экономикалық тиімділік пен орындылықтан шығуға уағдаласты.

Тараптар қайранда, соның ішінде өнімді бөлу шартында өндіруді қоса алғанда, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы аумағында газ өндіру саласындағы ынтымақтастық жөнінде ұсыныстар дайындайды.

Мұнай химиясын дамыту саласында Тараптар қазақстандық-ресейлік инвестициялық жобаны (ҚРИП) бірлесіп іске асыру жөніндегі, Атырау қаласында этан, этилен және пропилен өндіру жөніндегі зауытты салуды жүзеге асыру жөніндегі шараларды қолға алады.

Теңіздегі мұнай операциялары саласында

Тараптар Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде орналасқан "Құрманғазы" ("Құлалы") , "Центральная" геологиялық құрылымдарының және "Хвалыньское" кен орнының көмірсутекті ресурстарын игеру бойынша бірлескен жобаларды іске асыру жөніндегі жұмыстарды жандандыру қажеттігі туралы атап өтті.

Тараптар тиісті уәкілетті органдарға:

"Құрманғазы" ("Құлалы") жобасы бойынша Өнімді бөлу туралы келісімге өзара қолайлы экономикалық шарттарда қол қою туралы;

Өнімді бөлу туралы келісімге қол қою шартымен бірлескен барлауды анықтай отырып, "Центральная" жобасы бойынша Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы уәкілетті ұйымдарының тиісті бірлескен кәсіпорындарын құру туралы мәселелерді шешуді жеделдетуді тапсырады.

Тараптар осы Меморандум ережелерінің орындалуын қамтамасыз ететін қажетті ұйымдастыру іс-шараларын өткізеді және олардың орындалу барысын Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиясының сегізінші отырысында қарастырады.

2004 жылғы "___" Мәскеу қаласында екі данада, әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде жасалды әрі екі мәтіннің де күші бірдей.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК